

Биологиялық қауіпсіздік саласындағы кадрларды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 29 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 қаңтарда № 31789 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 3-тармағының б) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған биологиялық қауіпсіздік саласындағы кадрларды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ғылыми қамтамасыз ету басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 25 қаңтардағы
№ 29 бұйрығымен
бекітілген

Биологиялық қауіпсіздік саласындағы кадрларды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Биологиялық қауіпсіздік саласындағы кадрларды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламалары (бұдан әрі – Үлгілік бағдарламалар) "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 3-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді және:

1) патогендігі III және (немесе) IV топтардағы изоляттар/карантиндік организмдер штамдарының микроорганизмдерімен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін өсімдіктер карантині саласындағы кадрларды даярлау және қайта даярлау;

2) патогендігі III және (немесе) IV топтардағы изоляттар/карантиндік организмдер штамдарының микроорганизмдерімен жұмыс істеуді жүзеге асыратын өсімдіктер карантині саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру;

3) патогендігі I және (немесе) II және (немесе) III және (немесе) IV топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін ветеринария саласындағы кадрларды даярлау және қайта даярлау;

4) патогендігі I және (немесе) II және (немесе) III және (немесе) IV топтардың патогенді биологиялық агенттерімен жұмыс істеуді жүзеге асыратын ветеринария саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру үшін білім беру бағдарламалары пәндерінің мазмұнын, көлемін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.11.2023 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы кадрларды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламалары

2. Патогендігі III және (немесе) IV топтардағы изоляттар/карантиндік организмдер штамдарының микроорганизмдерімен, сондай-ақ патогендігі I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау тікелей кәсіпорын (ұйым) базасында, оқу орталықтарында, курстарда, сондай-ақ заңды тұлғалардың әртүрлі оқу-өндірістік құрылымдарында немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Патогендігі III және (немесе) IV топтардағы изоляттар/карантиндік организмдер штамдарының микроорганизмдерімен, сондай-ақ патогендігі I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын кадрлардың біліктілігін арттыру жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің

білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында ғылыми ұйымдарда, біліктілікті арттыру институттарында жүзеге асырылады.

1-параграф. Өсімдіктер карантині саласындағы мамандарды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламасы

3. Өсімдіктер карантині саласындағы базалық пәндерінің және таңдау бойынша пәндердің тізбесі мен мазмұны осы Үлгілік бағдарламаға 1-қосымшада көрсетілген.

4. Патогендігі III және (немесе) IV топтардағы изоляттар/карантиндік организмдер штамдарының микроорганизмдерімен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін кадрларды кәсіптік даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ұзақтығы 2 және одан да көп кредитті құрайды.

5. "Агрономия", "Өсімдіктерді қорғау және олардың карантині", "Биология", "Биотехнология", "Агрохимия" мамандықтары бойынша кәсіптік білімі бар мамандар биологиялық қауіпсіздік саласында кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға жатады.

6. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағдарламаларының үлгілік оқу жоспарлары мен мазмұны негізінде жүзеге асырылады.

7. Мамандарды даярлау және қайта даярлау нәтижелері бойынша патогендігі III және (немесе) IV топтардағы изоляттар/ карантиндік организмдер штамдарының микроорганизмдерімен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін тиісті мамандандыру беріледі.

Патогендігі III және (немесе) IV топтардағы изоляттар/ карантиндік организмдер штамдарының микроорганизмдеріне рұқсат алу үшін мамандарды даярлау және қайта даярлау нәтижелері бойынша берілетін мамандандырулар тізбесі осы Үлгілік бағдарламаға 3-қосымшада көрсетілген.

2-параграф. Ветеринария саласындағы мамандарды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламасы

8. Ветеринария саласындағы базалық пәндердің және таңдау бойынша пәндердің тізбесі мен мазмұны осы Үлгілік бағдарламаға 4-қосымшада көрсетілген.

9. Патогендігі I және (немесе) II және (немесе) III және (немесе) IV топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін мамандарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау ұзақтығы 9 кредиттен (270 сағат) 21 кредитке (630 сағат) дейін құрайды.

Патогендігі I және (немесе) II және (немесе) III және (немесе) IV топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын мамандардың біліктілігін арттыру ұзақтығы 2 кредиттен (60 сағат) 8 кредитке (240 сағат) дейін құрайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.11.2023 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Биологиялық қауіпсіздік саласында кәсіптік даярлауға және қайта даярлауға "Ветеринария", "Биотехнология", "Биология" бағыттары бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар, "Ветеринария" мамандығы бойынша орта білімнен кейінгі білімі бар, "Ветеринария" немесе "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика" ("Биология", "Химия", "Биотехнология") бағыттары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар жатады.

11. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 5-қосымшаға сәйкес биологиялық қауіпсіздік саласындағы кәсіптік даярлау және қайта даярлау бағдарламаларының үлгілік оқу жоспарлары мен мазмұны негізінде жүзеге асырылады .

12. Патогендігі I және (немесе) II және (немесе) III және (немесе) IV топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін мамандарды даярлау және қайта даярлау нәтижелері бойынша тиісті мамандандыру беріледі.

Патогендігі I және (немесе) II және (немесе) III және (немесе) IV топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін мамандарды даярлау және қайта даярлау нәтижелері бойынша берілетін мамандандырулар тізбесі осы Үлгілік бағдарламаларға 6-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.11.2023 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Биологиялық қауіпсіздік
саласындағы кадрларды кәсіптік
даярлаудың, қайта даярлаудың
және олардың біліктілігін
арттырудың үлгілік
бағдарламасына
1-қосымша

Өсімдіктер карантині саласындағы базалық пәндердің және таңдау бойынша пәндердің тізбесі мен мазмұны

Базалық пәннің атауы	Организмдердің жалпы биологиясы
Пәннің мазмұны	Тұтас көпжасушалы организмнің қалыптасуы – құрылымдар (жасушалар, тіндер, мүшелер) мен функциялардың жіктелуінен және олардың онтогенезде де, филогенезде де интеграциялануынан тұратын процесс.
Оқыту нәтижелері	Адам мен өмірдің мәні, шығу тегі туралы әртүрлі гипотезаларды, жаһандық экологиялық проблемалар мен оларды шешуді, қоршаған ортадағы өз қызметінің салдарын талдауды және бағалауды;

	биологиялық объектілер туралы ақпаратты әртүрлі көздерден табуды және оны сыни тұрғыдан бағалауды меңгеру және білу.
Базалық пәннің атауы	Ауыл шаруашылығы фитопатологиясы
Пәннің мазмұны	Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің ауруларымен, ауру қоздырғыштарының негізгі түрлерімен, олардың биологиясымен, экологиясымен, дамуымен, таралуымен және олардың зияндылығымен танысу. Аурулардың дамуын, таралуын зерттеуді, бақылауды, есепке алуды және оларды болжау негіздерін қамтитын мониторингтік іс-шаралар жүйесі бойынша теориялық білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру. Оларға қарсы күрес жөніндегі агротехникалық және химиялық іс-шаралар кешенінің тәсілдерімен және құралдарымен.
Оқыту нәтижелері	Ауыл шаруашылығы дақылдары ауруларының негізгі қоздырғыштарының түрлік құрамын меңгеру; ауру қоздырғыштарының морфологиясы, биологиясы; өсімдіктер ауруларының дамуындағы экологиялық факторлардың рөлі; зияндылықтың экономикалық шегі; өсімдіктерді аурулардан қорғаудың заманауи әдістері; ауыл шаруашылығы дақылдарының негізгі ауруларын диагностикалау және есепке алу әдістері
Базалық пәннің атауы	Өсімдік шаруашылығы мен өсімдіктерді қорғаудағы биотехнология
Пәннің мазмұны	Құнды өнімдерді алу және мақсатты түрлендірулерді жүзеге асыру үшін биологиялық агенттерді немесе олардың жүйелерін өндірістік пайдалану. Биологиялық агенттер-микроорганизмдер, өсімдіктер немесе жануарлар жасушалары, жасуша компоненттері (жасуша мембраналары, рибосомалар, митохондриялар, хлоропластар), сондай - ақ биологиялық макромолекулалар (ДНҚ, РНҚ, белоктар-көбінесе ферменттер). Биотехнология бөгде гендерді жасушаларға тасымалдау үшін вирустық ДНҚ немесе РНҚ пайдаланады.
Оқыту нәтижелері	Курс аясында алынған құзыреттер мен дағдылар маманға дақылдарды өсіру үшін қолданылатын органы құру, орта мен құралдарды зарарсыздандыру дағдыларын меңгеруге; эксплантаттың жай-күйін, микроорганизмдерді пайдалану кезінде жағдайдың дамуын талдай білуге мүмкіндік береді.
Базалық пәннің атауы	Өсімдіктер ауруларын анықтау және есепке алу әдістері
	Аурудың қоздырғыштарын зерделеу, сондай-ақ олардың зияндылығын болжау олармен күресу мерзімдерін таңдауға және өсімдіктерді қорғау құралдарын ұтымды пайдалануға негіз болып табылады. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен

Пәннің мазмұны	<p>алқаптарының ауруларын анықтау және есепке алу әдістерін білмей шешу мүмкін емес. Алынған деректер негізінде ауыл шаруашылығы дақылдары мен жеміс-жидек екпелерінде ауру коздырғыштарының түрлері бойынша өсімдіктерді қорғау жүйесін бақылаудың тиімді әдісін дұрыс таңдау керек.</p> <p>Ауруды анықтау және есепке алу, мониторинг және болжау жүргізу, өсімдіктер ауруларының коздырғыштарымен зақымданудың маусымдық және көпжылдық динамикасын жүргізу, өсімдіктерді қорғаудың алдын алу және жою шараларының қажеттілігі туралы шешім қабылдау әдістерімен фитосанитариялық жай-күй ерекшеліктері;</p>
Оқыту нәтижелері	<p>Курс шеңберінде алынған құзыреттер мен іскерліктер маманға өсімдіктер ауруларын анықтау әдістемелері дағдыларын, оларды диагностикалауды ,өсімдіктерді қорғау әдістері мен тәсілдерін меңгеруге, өсімдіктерді қорғау саласындағы ғылыми-техникалық және басқа да ақпаратпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.</p>
Базалық пәннің атауы	Өсімдік иммунитеті
Пәннің мазмұны	<p>Пәннің негізгі міндеті – аурулардың пайда болуы мен таралуының себептері, заңдылықтары, қоршаған орта жағдайларының әсері, өсімдіктерден индукциялық иммунитет алуға мүмкіндік беретін, оларды тиімді пайдалану жолдары мен тәсілдері туралы түсінік беру. Өсімдіктердің аурулар мен зиянкестерге өзгергіштігі мен тұқым қуалаушылық, төзімділік заңдылықтарын, өсімдіктер мен патогендердің өзара қарым-қатынастарын, төзімді сорттардың пайда болуы мен көбеюін зерделеу.</p>
Оқыту нәтижелері	<p>Дағдыларды меңгеру: ғылыми-зерттеу және практикалық жұмыста фитопатологияның негізгі әдістерін қолдану, жаңа білім алу және презентациялық материал дайындау үшін ақпараттық технологияларды пайдалану.</p> <p>Қол жетімді нысанда алынған білімді беру және өсімдіктердің иммунитеті саласындағы өз идеяларын логикалық тұрғыдан дұрыс білдіру. Далалық және зертханалық жағдайларда биологиялық объектілермен жұмыс істеудің заманауи эксперименттік әдістерін қолдану қабылеттілігі.</p>
Базалық пәннің атауы	Пестицидтердің фитофармиясы
Пәннің мазмұны	<p>Өсімдіктерді химиялық қорғаудың заманауи жай-күйі мен даму перспективалары; пестицидтерді қолдану; олардың қоршаған ортаны ластаушы ретіндегі ерекшеліктері; пестицидтермен жұмыс істеуді реттейтін халықаралық және республикалық нормативтік актілер; пестицидтердің қорғалатын</p>

	өсімдік пен зиянды организмдерге әсер ету ерекшеліктері; жекелеген препараттардың кемшіліктері мен артықшылықтары және оларды қолдану әдістері.
Оқыту нәтижелері	Пестицидті қолдану технологиясына байланысты жұмыс процестерін ұйымдастыру; жұмыс құрамдары мен концентрациялар шығысының нормаларын белгілеу және есептеу; пестицидтермен жұмыс істеу кезінде агроталаптарды және қауіпсіздік техникасын сақтау дағдыларының болуы .
Базалық пәннің атауы	Өсімдіктерді қорғаудағы биотехнологиялық әдістер
Пәннің мазмұны	Өсімдік шаруашылығы биотехнологиясы ғылым және өндіріс саласы. Каллусогенез жасушалар өсінділерін құру негізі; өсімдіктерді вирустық аурулардан сауықтыру; өсімдіктерді вирусты тасымалдаушылыққа диагностикалау әдістері; өсімдіктердің клондық микро көбеюі; өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттегіштер; in vitro ұрықтандыру, эмбриоөсінді; гаплоидты технология; жасушалық селекция. Сомаклональды вариабельділік; өсімдіктердің соматикалық будандастырылуы; өсімдіктердің генетикалық инженериясының негіздері; геномика, протеомика және биоинформатика; фитопатогендерді басуға арналған биопрепараттар.
Оқыту нәтижелері	Клондық микрокөбейтудің негізгі әдістері in vitro өсіндісімен стерильдік жағдайларда жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.
Базалық пәннің атауы	Фитосанитариялық мониторинг және сараптама
Пәннің мазмұны	Фитосанитариялық мониторинг және сараптама зиянды және аса қауіпті зиянды және карантиндік организмдер мен олардың энтомофагтарының дамуы мен таралуын болжауға және бақылауға; егістіктер мен өсімдік шаруашылығы өнімдеріне карантиндік объектілердің бар болуына сараптама жүргізуге; қорғау және карантиндік іс-шаралардың технологиялық схемаларын жасауға мүмкіндік береді.
Оқыту нәтижелері	Ауыл шаруашылығы дақылдары егістерінің өсімдік зиянкестерімен залалдануын анықтауға фитосанитариялық мониторинг жүргізу, карантинге жатқызылған өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігіне карантиндік талдау және карантиндік сараптама жүргізу дағдыларын меңгеру; өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы нормативтік құжаттамалармен жұмыс істеу.
Таңдау бойынша пәннің атауы	Зиянды организмдер экологиясы
	Популяциялық экология, эпифитотиология негіздері . Зиянды организмдер саны динамикасының түрлері және популяция динамикасына әсер ететін

Пәннің мазмұны	факторлар. Зиянды буынаяқтылар экологиясы. Зиянды буынаяқтылардың экологиясын зерттеу әдістері. Фитогельминттердің экологиясы және оны зерделеу әдістері. Кеміргіштер экологиясы. Арамшөптер мекендейтін жерлер мен өсімдіктер қауымдастықтары. Агрофитоценоздардағы арамшөптер мен дақылды компоненттердің өзара әрекеттесуі. Зиянды организмдердің экологиялық жіктелуі. Зиянкестер мен эпифитотикалық процестің популяциялық динамикасын модельдеу. Өсімдіктерді қорғауды экологияландыру.
Оқыту нәтижелері	Ағаш екпелерінің зақымдануы мен бүлінуін диагностикалау, олардың зиянкестері мен ауру қоздырғыштарын анықтау; экожүйелердің жай-күйіне талдау жүргізу; басқарушылық жобалау, санитариялық-сауықтыру және қорғау іс-шараларын әзірлеу, негіздеу және енгізу, орман экожүйелерінің биологиялық әртүрлілігін сақтау бойынша дағдылар мен іскерлікті меңгеру; орман патологиялық мониторингін жүргізу, өсімдіктерді қорғау құралдары мен әдістерін таңдау, орман қорғау жұмыстарын жүргізу мәселелерінде; орман мен орман екпелерін зиянкестер мен аурулардан қорғау жөніндегі іс-шараларды бағалау және олардың тиімділігі әдістерінде құзыреттілік.
Базалық пәннің атауы	Генетика, онтогенез, филогенез
Пәннің мазмұны	"Генетика, онтогенез, филогенез" пәні организмдердің эмбрионалды және постэмбрионалды даму процестерін реттеудің генетикалық негіздерін зерделеуге арналған білім саласы болып саналады. Генетиканың бұл саласы даму бағдарламаларын іске асырудың молекулалық-генетикалық аспектілерін зерделеумен, сондай-ақ мұндай іске асырудағы эпигенетикалық факторлардың ролін анықтаумен, белгілі бір гендердің әсер ету уақыты мен орнын, онтогенезді зерделеумен, сондай-ақ дамуды бақылайтын гендердің мутацияларының фенотиптік көрінуін талдаумен айналысады және оларға әсер ететін факторлар медицина үшін ең маңызды болып табылады.
Оқыту нәтижелері	Онтогенез бен филогенездегі организмдердің дамуының генетикалық негіздерін, өсу және метаморфоз процестерін реттеу тетіктерін, эмбриогенездегі гендердің белсенділігін реттейтін цитологиялық факторларды, хромосомалық ауытқулардың филогенетикасын меңгеру; теориялық дайындық деңгейін одан әрі арттыру үшін, сондай-ақ практикалық қызметте алған білімдерін қолдана білу. Онтогенез дегеніміз не? Оның көрінісі мен эволюция мысалдары. Онтогенездің негізгі кезеңдері. Филогенез дегеніміз не? Палеонтологиялық жазба. Онто- және

	филогенездің ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?
Базалық пәннің атауы	Молекулалық және жасушалық биология
Пәннің мазмұны	Су. Сутектік байланыс. Гидрофобты қайта топтастыру. Липидтер. Май қышқылдары. Плазма мембранасының құрылымы мен қызметі; мембраналық әлеует; гетеротрофияның молекулалық негіздері; гликолиз; Кребс циклі; жасушаларды саралау.
Оқыту нәтижелері	Жасушалардағы биологиялық процестердің тетіктері, химиялық құрамы, нуклеин қышқылдарының құрылымы, молекулалық компоненттердің өзара әрекеттесуі, олардың тұқым қуалаушылықтағы ролі, ферменттер және олардың биологиялық процестерге қатысуы, айырмашылықтар туралы білімді меңгеру.

Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі кадрларды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламасына
2-қосымша

Кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағдарламаларының үлгілік оқу жоспарлары мен мазмұны

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.11.2023 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Агрономия", "Өсімдіктерді қорғау және олардың карантині", "Биология", "Биотехнология", "Агрехимия" бағыттары бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар үшін кадрларды кәсіптік даярлаудың және қайта даярлау бағдарламаларының үлгілік оқу жоспары және мазмұны.

Патогендігі III топтағы карантиндік организмдер штамдарының/изоляттарының микроорганизмдерімен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін мамандарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау, карантиндік зертханалардың мамандары үшін 21 кредит (630 сағат).

Пәннің атауы	Оқу жүктемесінің көлемі, кредит/сағат	Бақылау нысаны
Организмдердің жалпы биологиясы	60	Емтихан
Ауыл шаруашылығы фитопатологиясы	58	Емтихан
Өсімдік шаруашылығы мен өсімдіктерді қорғаудағы биотехнология	45	Емтихан

Өсімдіктер ауруларын анықтау және есепке алу әдістері	60	Емтихан
Өсімдіктер иммунитеті	90	Емтихан
Пестицидтердің фитофармациясы	60	Емтихан
Өсімдіктерді қорғаудағы биотехнологиялық әдістер	45	Емтихан
Фитосанитариялық мониторинг және сараптама	45	Емтихан
Зиянды организмдердің экологиясы	45	Емтихан
Генетика, онтогенез, филогенез	60	Емтихан
Молекулалық және жасушалық биология	58	Емтихан
Практикалық дағдылар	2	Емтихан
Қорытынды бақылау	2	Емтихан
Барлығы	21/630	
	21	

Патогендігі IV топтағы карантиндік организмдер штамдарының/изоляттарының микроорганизмдерімен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін мамандарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау, карантиндік зертханалардың мамандары үшін, 14 кредит (420 сағат).

Пәннің атауы	Оқу жүктемесінің көлемі, кредит/сағат	Бақылау нысаны
Организмдердің жалпы биологиясы	30	Емтихан
Ауыл шаруашылығы фитопатологиясы	45	Емтихан
Өсімдік шаруашылығы мен өсімдіктерді қорғаудағы биотехнология	45	Емтихан
Өсімдіктердің ауруларын анықтау және есепке алу әдістері	45	Емтихан
Өсімдіктердің иммунитеті	30	Емтихан
Пестицидтердің фитофармациясы	30	Емтихан
Өсімдіктерді қорғаудағы биотехнологиялық әдістер	26	Емтихан
Фитосанитариялық мониторинг және сараптама	45	Емтихан
Зиянды организмдердің	45	Емтихан
Генетика, онтогенез, филогенез	30	Емтихан
Молекулалық және жасушалық биология	45	Емтихан
Практикалық дағдылар	2	Емтихан
Қорытынды бақылау	2	Емтихан

Барлығы	14/420	
---------	--------	--

2. "Агрономия", "Өсімдіктерді қорғау және олардың карантині", "Биология", "Биотехнология", "Агрохимия" бағыттары бойынша кадрлардың біліктілігін арттырудың үлгілік оқу жоспары және бағдарламаның мазмұны 2 кредиттен (60 сағат) 8 кредитке (240 сағат) дейін.

"Карантиндік организмдер штамдарының/изоляттарының микроорганизмдерімен жұмыс істеу бойынша" біліктілікті арттыру курсы, 8 кредит (240 сағат).

Пәннің атауы	Оқу жүктемесінің көлемі, кредит/сағат	Бақылау нысаны
Патогендігі III топтағы изоляттар/ карантиндік организмдер штамдарының микроорганизмдерімен жұмыс істеу	60	Емтихан
Патогендігі IV топтағы изоляттар/ карантиндік организмдер штамдарының микроорганизмдерімен жұмыс істеу	120	Емтихан
Таңдау бойынша пән	56	Тестілеу
Практикалық дағдылар	2	Емтихан
Қорытынды бақылау	2	Тестілеу
Барлығы	8/240	

"Карантиндік организмдер штамдарының/изоляттарының микроорганизмдерімен жұмыс істеу бойынша" біліктілікті арттыру курсы, 4 кредит (120 сағат).

Пәннің атауы	Оқу жүктемесінің көлемі, кредит/сағат	Бақылау нысаны
Патогендігі III топтағы карантиндік организмдер штамдарының/изоляттарының микроорганизмдерімен жұмыс істеу	60	Тестілеу
Патогендігі IV топтағы карантиндік организмдер штамдарының/изоляттарының микроорганизмдерімен жұмыс істеу	56	Тестілеу
Практикалық дағдылар	2	Емтихан
Қорытынды бақылау	2	Тестілеу
Барлығы	4/120	

"Карантиндік организмдер штамдарының/изоляттарының микроорганизмдерімен жұмыс істеудегі биоқауіпсіздік негіздері" біліктілігін арттыру курсы, 2 кредит (60 сағат).

Пәннің атауы	Оқу жүктемесінің көлемі, кредит/сағат	Бақылау нысаны

Таңдау компоненті	56	Тестілеу
Практикалық дағдылар	2	Емтихан
Қорытынды бақылау	2	Тестілеу
Барлығы	2/60	

"Биологиялық қауіпсіздік және биоқорғау негіздері" біліктілікті арттыру курсы, 2 кредит (60 сағат).

Пәннің атауы	Оқу жүктемесінің көлемі, кредит/сағат	Бақылау нысаны
Биологиялық қауіпсіздік және биологиялық қорғау, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау, алғашқы көмек көрсету	30	Емтихан
Дезинфекциялық іс	26	Тестілеу
Практикалық дағдылар	2	Емтихан
Қорытынды бақылау	2	Тестілеу
Барлығы	2/60	

Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі кадрларды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламасына
3-қосымша

Патогенділігі III және (немесе) IV топтардағы карантиндік организмдер штамдарының / изоляттарының микроорганизмдерімен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін мамандарды даярлау және қайта даярлау нәтижелері бойынша берілетін мамандандыру тізбесі

Сертификаттау курсының атауы	Оқыту контингенті	Ұзақтығы	Берілетін мамандық
Патогенділігі III топтағы карантиндік организмдер штамдарының/ изоляттарының микроорганизмдерімен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін мамандарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау	Өсімдіктер карантині жөніндегі маман	21 кредит (630 сағат)	Патогенділігі III топтағы карантиндік объектілер штамдарының/ изоляттарының микроорганизмдерімен жұмыс істеу және жұмыс істеуге жіберу
Патогенділігі IV топтағы карантиндік организмдер штамдарының/ изоляттарының микроорганизмдерімен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін мамандарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау	Өсімдіктер карантині жөніндегі маман	14 кредит (420 сағат)	Патогенділігі IV топтағы карантиндік объектілер штамдарының/ изоляттарының микроорганизмдерімен жұмыс істеу және жұмыс істеуге жіберу

Биологиялық қауіпсіздік

жөніндегі кадрларды кәсіптік
даярлаудың, қайта даярлаудың
және олардың біліктілігін
арттырудың үлгілік
бағдарламасына
4-қосымша

Ветеринария саласындағы базалық пәндердің және таңдау бойынша пәндердің тізбесі мен мазмұны

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.11.2023 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Базалық пәннің атауы	Ветеринария саласындағы биологиялық қауіпсіздік және биологиялық қорғау мәселелері бойынша құқықтық реттеу
Пәннің мазмұны	Патогенді микроорганизмдермен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы биологиялық қауіпсіздік және биологиялық қорғау жөніндегі заңнаманың негіздері. Еңбекті ұйымдастыру, функционалдық міндеттер. Әкімшілік және ұйымдастырушылық іс-шаралар: саясат, стандарттар мен басшылық қағидаттары, журналдар, стандартты операциялық рәсім (бұдан әрі – СОР), хаттамалар.
Оқыту нәтижелері	Патогенді микроорганизмдермен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы биологиялық қауіпсіздік және биологиялық қорғау жөніндегі құқықтық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеуге қабілетті. Ұйымның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды тиісті түрде жүргізуге және дайындауға қабілетті.
Базалық пәннің атауы	Биологиялық қауіпсіздік және биологиялық қорғау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, алғашқы көмек көрсету
	Зертханаға және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған жабдыққа қойылатын жобалау, инженерлік-техникалық талаптар (зертханалық үй-жайларды аймақтарға бөлу және өңдеу, ауаны сүзгілеу, жабдыққа техникалық қызмет көрсету, биоқауіпсіздік шкафтары, автоклавтар, жабдықтың жұмысына арналған құжаттама). Микроорганизмдерді патогенділік топтары бойынша жіктеу және патогендігі I, II, III и IV топтардағы микроорганизмдермен жұмыс істеу үшін зертханаларды авторландыру (рұқсат беру құжаттары, биоқауіпсіздік жөніндегі бағдарлама,

Пәннің мазмұны

құжаттамаға қойылатын талаптар, СОР әзірлеу және орындау). Патогендерді және (немесе) материалдарды есепке алу және олардың қозғалысы, сақтауға қойылатын талаптар, тасымалдау шарттары, материалдарды жөнелту кезінде ресімдеу, патогенді биологиялық агенттерді жою. Биологиялық қалдықтарды залалсыздандыру мен кәдеге жаратуға қойылатын талаптар. Жеке қорғаныш құралдары (бұдан әрі – ЖҚҚ): аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштарынан қорғау үшін персонал киетін киім және тыныс алу құрылғылары. Зертханаларда ЖҚҚ-ны пайдалану. Зертханаларды физикалық қорғау және персоналды басқару. Биологиялық тәуекелдерді басқару: биологиялық тәуекел ұғымы, биологиялық тәуекелді бағалау, биологиялық тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар, биологиялық қауіпсіздік тиімділігін бағалау, биологиялық тәуекелдерді ауыстыру немесе алып тастау, жол берілетін биологиялық тәуекел, биологиялық тәуекелдер профилактикасы. Биоқауіпсіздіктің халықаралық стандарттары: зертханалардың биоқауіпсіздік деңгейлері, микроорганизмдердің тәуекел топтары, зертханалар мен персоналға қойылатын талаптар. Биоқауіпсіздікті ішкі және сыртқы бағалау, ұйымдағы биоқауіпсіздік талаптарының сақталуына мониторинг. Алғашқы көмек көрсету. ҚР СТ 35001-2020 "Зертханалар мен басқа да аралас ұйымдар үшін биотәуекелдерді басқару". Биологиялық қауіпсіздік бокстарында қауіпсіз жұмыс істеу және ЖҚҚ қолдану. Апат кезінде жедел ден қою шаралары. Виварийлерде ЖҚҚ пайдалану. Патогенділігі I, II, III, IV топтағы микроорганизмдермен жұмыс істеудің эпизоотияға қарсы (эпидемияға қарсы) жұмыс режимі.

Жобалау, зертханаға және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған жабдықтарға қойылатын инженерлік-техникалық талаптар мәселесі бойынша білімді меңгерді. Микроорганизмдерді патогенділік топтары бойынша сыныптауды және патогендігі I, II, III и IV топтардағы микроорганизмдермен жұмыс істеу үшін зертханаларды авторландыруды (рұқсат беру құжаттары, биоқауіпсіздік жөніндегі бағдарлама, құжаттамаға қойылатын талаптар, СОР әзірлеу және орындау) біледі. Патогендердің және (немесе) материалдардың есебін және олардың қозғалысын, сақтауға қойылатын талаптарды, тасымалдау шарттарын, материалдарды жөнелту кезінде ресімдеуді, патогенді биологиялық агенттерді жоюды біледі. Биологиялық қалдықтарды залалсыздандыру және кәдеге жаратуға қойылатын талаптарды біледі. ЖҚҚ қолдануды біледі. Зертхана физикалық қорғауды біледі. Биологиялық

Оқыту нәтижелері	<p>тәуекелдерді басқару бойынша білімі бар: биологиялық тәуекел ұғымы, биологиялық тәуекелдерді бағалау, биологиялық тәуекелдерді азайту бойынша іс-шаралар, биологиялық қауіпсіздік тиімділігін бағалау, биологиялық тәуекелдерді ауыстыру немесе алып тастау, жол берілетін тәуекел, биологиялық тәуекелдері профилактикасын. Биологиялық қауіпсіздіктің халықаралық стандарттарын біледі. Биологиялық қауіпсіздікті ішкі және сыртқы бағалау, ұйымдағы биоқауіпсіздік талаптарын сақтау мониторингі туралы білімді меңгерген. ЖҚҚ пайдалануды біледі. Алғашқы көмек көрсетуді біледі.</p> <p>"Зертханалар мен басқа да аралас ұйымдар үшін биотәуекелдерді басқару" ҚР СТ 35001 біледі. Биологиялық қауіпсіздік бокстарында қауіпсіз жұмыс істеу және ЖҚҚ қолдану туралы біледі. Апат кезінде жедел ден қою шараларын біледі. Виварийлерде ЖҚҚ пайдалануды біледі.</p>
Базалық пәннің атауы	Патогендігі I-II топтардағы аса қауіпті инфекциялардың эпидемиологиясы және микробиологиясы
Пәннің мазмұны	<p>Аса қауіпті инфекциялық ауруларға эпизоотологиялық мониторинг жүргізу жөніндегі іс-шаралар жүйесі. Аса қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтарында эпизоотологиялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу. Аса қауіпті инфекцияның спецификалық және спецификалық емес профилактикасы. Аса қауіпті инфекция ошақтарында іс-шаралар кешенін ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын эпидемияға қарсы талаптар. Аса қауіпті инфекциялармен жұмыс істеу кезінде дезинфекция, дезинсекция, дератизация. Тасымалдаушылар мен таратушылардың жүйелігі және экологиясы. Ветеринария саласындағы төтенше жағдай (бұдан әрі – ТЖ) кезіндегі эпидемиологиялық іс-шаралар, карантиндік және шектеу іс-шараларын енгізу үшін айғақтар. Ведомствоаралық жедел кешенді іс-шаралар жоспарын әзірлеу, жағдайлар туралы ақпараттандыру схемасын айқындау, ветеринариялық ұйымдардың инфекциялық аурулардың өршуіне ден қоюға дайындығын, дезинфекциялық препараттар мен ЖҚҚ болуын бағалау, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Аса қауіпті инфекциялар анықталған жағдайда ветеринарлық мекемелердің кешенді жоспары мен жедел жоспары. Аумақты санитарлиялық қорғау.</p> <p>Ауру жануарлардан сынама алу тәртібі және оларды орау, зертханаға тасымалдау, құжаттаманы ресімдеу. Аса қауіпті инфекциялардың микробиологиясы және зертханалық диагностикасы. Биологиялық</p>

	<p>агенттерді индикациялау схемасы, экспресс және жеделдетілген диагностикалық әдістер. Жалпы микробиология және аса қауіпті инфекцияларды бактериологиялық диагностикалау әдістері.</p>
<p>Оқыту нәтижелері</p>	<p>Аса қауіпті инфекциялық ауруларға эпизоотологиялық мониторинг жүргізу бойынша іс-шаралар жүйесін меңгерді. Аса қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтарында эпизоотологиялық іс-шаралардың ұйымдастырылуын және жүргізілуін біледі. Аса қауіпті инфекцияның спецификалық және спецификалық емес профилактикасын біледі. Аса қауіпті инфекция ошақтарында іс-шаралар кешенін ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын эпизоотологияға қарсы талаптарды біледі. Аса қауіпті инфекциялармен жұмыс істеу кезінде дезинфекция, дезинсекция, дератизацияны меңгерді. Тасымалдаушылар мен таратушылардың жүйелігін және экологиясын біледі. Ветеринария саласындағы ТЖ кезінде эпизоотологиялық іс-шараларды, карантиндік және шектеу іс-шараларын енгізу үшін айғақтарды біледі. Ведомствоаралық жедел кешенді іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, жағдайлар туралы хабардар ету схемасын айқындау, ветеринариялық ұйымдардың инфекциялық аурулардың пайда болуына ден қоюға дайындығын бағалау, дезинфекция жасайтын препараттардың, мен ЖҚҚ болуы, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша білімді меңгерді. Аумақты санитариялық қорғау білімін меңгерді.</p> <p>Ауру жануарлардан сынама алу және оларды орау, зертханаға тасымалдау, құжаттаманы ресімдеу тәртібін біледі. Аса қауіпті инфекциялардың микробиологиясы мен зертханалық диагностикасын біледі.</p>
<p>Базалық пәннің атауы</p>	<p>Патогендігі II топтағы аса қауіпті инфекциялардың эпизоотологиясы және микробиологиясы</p>
<p>Пәннің мазмұны</p>	<p>Қазақстан Республикасындағы жұқпалы аурулардың эпизоотологиялық мониторингі жөніндегі іс-шаралар жүйесі. Инфекциялық аурулардың табиғи ошақтарында эпизоотологиялық іс-шаралар жүргізу. Жануарлардың және адамның инфекциялық ауруларының алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар. Аса қауіпті инфекциялар ошақтарында іс-шаралар кешенін ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын эпизоотияға қарсы талаптар. ТЖ кезіндегі эпизоотологиялық іс-шаралар. ТЖ жағдайында ветеринариялық құрамалар (инфекциялық госпиталь, провизорлық госпиталь, изолятор).</p>

	<p>Ауру жануардан материал алу тәртібі, орау, таңбалау. Биологиялық материалды зертханаға тасымалдау, құжаттаманы ресімдеу. Туляремияның, сібір жарасының, бруцеллездің, тырысқақтың, зоонозды инфекциялардың (иерсиниоз, листериоз, пастереллез, псевдотуберкулез), жіті ішек және вирустық аурулардың микробиологиясы және зертханалық диагностикасы. Биологиялық агенттерді индикациялау схемасы, экспресс және жеделдетілген диагностикалық әдістер. Инфекциялық ауруларды зертханалық диагностикалаудың әдістері мен техникасы: бактериологиялық, иммунологиялық, биологиялық зерттеулер және полимеразды тізбекті реакция.</p>
Оқыту нәтижелері	<p>Қазақстан Республикасындағы жұқпалы аурулардың эпизоотологиялық мониторингі бойынша іс-шаралар жүйесін біледі. Жұқпалы аурулардың табиғи ошақтарында эпизоотологиялық іс-шаралардың жүргізілуін біледі. Жануарлардың және адамның инфекциялық ауруларының алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды біледі. Аса қауіпті инфекциялар ошақтарында іс-шаралар кешенін ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын эпизоотияға қарсы талаптарды меңгерді. Қоғамдық денсаулық сақтаудағы ТЖ кезінде эпизоотологиялық іс-шараларды біледі. ТЖ жағдайында ветеринариялық құралымды (инфекциялық госпиталь, провизорлық госпиталь, изолятор) меңгерді. Ауру жануардан материал алу, орау, таңбалау тәртібін біледі. Биологиялық материалды зертханаға тасымалдауды, құжаттаманы ресімдеуді меңгерді. Туляремияның, сібір жарасының, бруцеллездің, тырысқақтың, зоонозды инфекциялардың (иерсиниоз, листериоз, пастереллез, псевдотуберкулез), жіті ішек және вирустық аурулардың микробиологиясын және зертханалық диагностикасын біледі. Биологиялық агенттерді индикациялау схемасын, экспресс және диагностиканың жеделдетілген әдістерін меңгерді. Инфекциялық ауруларды зертханалық диагностикалау әдістері мен техникасын біледі: бактериологиялық, иммунологиялық, биологиялық зерттеулер және полимеразды тізбекті реакция.</p>
Базалық пәннің атауы	Аса қауіпті инфекциялардың зертханалық диагностикасы (практикалық сабақтар)
	<p>Инфекциялық аурулардың бактериологиялық және серологиялық диагностикасының әдістері мен техникасы, микроскопия, молекулалық-биологиялық диагностика. Биологиялық сынамаларды (зертханалық</p>

Пәннің мазмұны	<p>жануарларды) пайдалана отырып, инфекциялық ауруларды диагностикалаудың әдістері мен техникасы. Аса қауіпті инфекцияларды зертханалық диагностикалау схемасы. Биологиялық агенттердің индикациясы, экспресс және жедел анықтау әдістері. Қоректік орта және олардың индикаторлары. Зертханадағы өндірістік бақылау мәселелері. Бактериологиялық зертхананың, серологиялық диагностиканың және инфекциялық ауруларды диагностикалаудың биологиялық әдісі кезіндегі қауіпсіз жұмыс әдістері мен техникасы. Аса қауіпті инфекциялардың микробиологиясы, зертханалық диагностикасы, эпизоотологиясы, эпидемиологиясы. Биологиялық зерттеулердегі зертханалық жануарлар. Қоректік орталар және зертханалық объектілерді зарарсыздандыру.</p>
Оқыту нәтижелері	<p>Инфекциялық аурулардың бактериологиялық, серологиялық диагностикасының және диагностиканың биологиялық әдісінің, микроскопияның, молекулалық-биологиялық диагностиканың әдістері мен техникасын меңгерді. Биологиялық сынамаларды (зертханалық жануарларды) пайдалана отырып, инфекциялық ауруларды диагностикалаудың әдістері мен техникасын біледі. Аса қауіпті инфекцияларды зертханалық диагностикалау схемасын біледі. Биологиялық агенттерді индикациялау, экспресс және жедел анықтау әдістерін меңгерді. Қоректік орта және олардың индикаторлары туралы біледі. Зертханада өндірістік бақылау мәселелері бойынша меңгерді.</p>
Базалық пәннің атауы	<p>Патогендігі I-II топтардағы аса қауіпті инфекциялардың эпизоотологиясы, далалық биоқауіпсіздік</p>
Пәннің мазмұны	<p>Эпизоотология негіздері. Паразитология негіздері. Тасымалдаушылардың жүйеленуі. Зоологиялық номенклатураның негіздері. Жануарлардың аса қауіпті инфекциялары қоздырғыштарының тасымалдаушыларына сипаттама. Морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктері, тасымалдаушылардың жалпы экологиясы. Жеке экология: құм сарұшынағы, сарышұнақ, егеуқұйрықтар, тышқан тәрізді суырлар.</p> <p>Паразитология. Буынаяқтылар – трансмиссивті инфекцияларды тасымалдаушылар, олардың трансмиссивті ауруларды сақтаудағы және таратудағы маңызы. Инфекцияның берілу тегітері. Бүргелер мен кенелер – табиғи ошақты трансмиссивті аурулардың тасымалдаушылары. Бүргелердің буынаяқтылар жүйесіндегі орны. Бүргелердің морфологиясы, ішкі құрылымы, тамақтану, көбею, даму ерекшеліктері. Бүргелер экологиясы. Бүргелердің оба микробының (</p>

	<p>гипотезалар) және басқа табиғи-ошақ инфекцияларының сақталуындағы рөлі. Кенелер. Кенелердің буынаяқтылар жүйесіндегі орны. Сыртқы және ішкі құрылымы, тамақтану, көбею, даму ерекшеліктері, тіршілік ету циклдары. Географиялық таралуы және ландшафтық ыңғайластырылуы. Аса қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтарында жұмыс істеу кезінде биоқауіпсіздік және биокорғаныс аспектілерін игеру. Тәуекелдерді бағалау. ЖҚҚ. Сүтқоректілерден, құстардан, эктопаразиттерден ықтимал биологиялық қауіпті материалды жинау, оны орау, сақтау, зертханаға тасымалдау. Биологиялық қалдықтарды басқару. Дезинфекция. Жыртқыш құстардың нәжістерінен биологиялық материал жинау, топырақ пен судың сынамаларын алу.</p>
Оқыту нәтижелері	<p>Эпизоотология негіздерін, паразитология негіздерін және зоологиялық номенклатура негіздерін біледі. Жануарлардың аса қауіпті инфекциялары коздырғыштарының тасымалдаушыларының сипаттамасын біледі. Морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін, тасымалдаушылардың жалпы экологиясын біледі. Аса қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтарында жұмыс істеу кезінде биоқауіпсіздік және биокорғаныс аспектілерін меңгерген. Тәуекелдерді бағалауды біледі. ЖҚҚ пайдалану дағдыларын меңгерген. Сүтқоректілерден, құстардан, эктопаразиттерден ықтимал қауіпті биологиялық материалды жинау, оны орау, сақтау, зертханаға тасымалдау туралы біледі. Биологиялық қалдықтарды басқаруды біледі. Дезинфекцияның негіздерін біледі. Жыртқыш құстардың нәжістерінен биологиялық материал жинауды, топырақ пен судан сынама алуды меңгерді.</p>
Базалық пәннің атауы	Дезинфекциялық іс
	<p>Дезинфекция, дезинсекция, дератизация саласындағы нормативтік-құқықтық актілер. Дезинфекция, деконтаминация және стерилизацияның жалпы қағидаттары мен әдістері. Дезинфекцияның түрлері (ошақтық және профилактикалық, ағымдағы, қорытынды) және дезинфекциялық іс-шаралардың тәсілдері (механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық). Дезинфекциялық заттардың микроорганизмдерге әсер ету тетігі. Дезинфекцияның тиімділігіне әсер ететін факторлар. Эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар кешеніндегі дезинфекцияның орны мен рөлі. Дезинфекция кезіндегі жұмыс және қауіпсіздік қағидалары. Персенолды оқыту. Автоклавтар, стерилизаторлар, жұмыс қағидалары және қауіпсіздік. Стерилизацияны бақылау. Пероксидті газбен бу</p>

